

БЕКІТЕМІН

Қарағанды облысында
ББДОӘО директордың м.а.

Б.Х. Абдикерова

2020 ж.



«Қашықтықтан BOOM» облыстық жобасы

Қарағанды 2020

ЖОБА ПАСПОРТЫ

Жобаның атауы	«Қашықтықтан ВООМ»
Жобаның бастамашысы	Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы
Жобаны әзірлеу және іске асыру туралы шешім қабылдау күні мен негізі	2020 жылдың қыркүйек айы
Жоба жетекшісі	«Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы» КМҚК директорының м.а. Бакиткул Химальдиновна Абдикерова
Жобаны әзірлеушілер	Есбол Рымбекович Аринов, «Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы» КМҚК директорының орынбасары Айым Рымбекқызы Серікбаева, «Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы» КМҚК инновациялық оқыту түрлері және электрондық бөлімінің меңгерушісі Арайлым Ардакқызы Қали, «Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы» КМҚК инновациялық оқыту түрлері және электрондық бөлімінің әдіскері
Жобаға қатысушылар	Қарағанды облысының білім беру ұйымдарының педагогтері, оқушылар
Жоба үйлестірушісі	Айым Рымбекқызы Серікбаева – «Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы» КМҚК инновациялық оқыту түрлері және электрондық бөлімінің меңгерушісі
Жобаның құрылымы	<ul style="list-style-type: none"> ▪ Өнім сипаты бойынша: білім беру ▪ Мазмұны бойынша: пәнаралық ▪ Ұзақтығы бойынша: орта мерзімді ▪ Қатысушылар саны бойынша: топтық ▪ Білім саласы бойынша: моножоба ▪ Оқу түрі бойынша: педагогикалық ▪ Байланыс деңгейі бойынша: облыстық ▪ Орындаушылардың жас құрамы: әр түрлі жастағы ▪ Орындау базасы: облыс педагогтері, мектептер мен ТЖКБ ұйымдарының оқушылары.
Жоба гипотезасы	ІТ-бағыттардағы жұмыс нысандарын, әдістерін ұйымдастыру, бұл педагогикалық қызметкерлердің кәсіби құзыреттілігін және оқушылардың білім деңгейін арттыруға, қашықтықтан оқыту

	жағдайында цифрлық салада қажетті ақпаратты іріктеу мен талдауға мүмкіндік береді.
Жобаның мақсаты	Қашықтықтан оқыту жағдайында педагогтердің ІТ-бағытында теориялық білім деңгейін және кәсіби шеберліктерін арттыру.
Жобаның негізгі міндеттері	<ul style="list-style-type: none"> ▪ ІТ-бағыттардағы теориялық және тәжірибелік білімді дамыту. ▪ Оқыту нысандарын, әдістері мен құралдарын жетілдіру. ▪ Педагогтердің білім берудегі инновациялық технологияларды бөлісуі және игеруі. ▪ ІТ-бағыттардың озық жетістіктерін оқыту тәжірибесіне енгізу.
Жобаны іске асырудан күтілетін нәтижелер	<ul style="list-style-type: none"> ▪ Педагогтердің ІТ-бағыттарда ақпараттық сауаттылығын арттыру. ▪ «Қашықтықтан BOOM» жобасы аясында ІТ-бағыттар бойынша облыстық байқау өткізу. ▪ Әдістемелік өнімдерді, авторлық бағдарламалар мен әдістемелік құралдарды әзірлеу. ▪ Педагогтер мен оқушылардың жобаға қатысуы.
Жоспарланған өнімдер	Педагогтер қызметінің өнімдері: әдістемелік өнімдер, авторлық бағдарламалар мен әдістемелік құралдар, мақалалар, бағдарламалар
Жобаны іске асыру мерзімі	2020-2021 оқу жылы 2021-2022 оқу жылы 2022-2023 оқу жылы

Жобаның өзектілігі. Қазіргі уақытта қашықтықтан оқыту әлемнің көптеген елдерінде білім беру келбетін өзгерте отырып, білім беру және ақпараттық мәдениеттің жаһандық құбылысына айналды.

Қашықтықтан оқыту – оқу процесіне тән барлық компоненттерді: мақсаттарын, мазмұнын, әдістерін, ұйымдастыру нысандарын, оқыту құралдарын көрсететін және Интернет-технологиялардың ерекше құралдарымен немесе интерактивтілікті көздейтін басқа да құралдармен іске асырылатын мұғалім мен оқушылардың бір-бірімен қашықтықтан өзара әрекеті. Қашықтықтан оқытудың мәні тәуелсіз оқыту формасы болса, ақпараттық технологиялар қашықтықтан оқытудағы жетекші құрал болып табылады.

Ақпараттық технологиялар саласындағы жылдам прогресс дербес компьютерлерді тиімді оқыту құралы ретінде пайдалануға мүмкіндік береді. Оқу процесін автоматтандыру компьютерлік оқыту бағдарламалары мен электронды оқулықтарды, сонымен қатар жергілікті және ғаламдық компьютерлік желілерді қолдана отырып жүзеге асырылады. Соңғы жағдайда оқытудың заманауи технологияларын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін мамандандырылған ақпараттық-білім беру ортасы қалыптасады. Ақпараттық-білім беру ортасын толтыру, сондай-ақ жергілікті және ғаламдық компьютерлік желілерді тиімді

пайдалану үшін осы пән саласындағы ғылымның қазіргі жағдайына сәйкес келетін жоғары сапалы қашықтықтан оқыту жүйелерін жедел дамыту қажет.

Қашықтықтан оқыту деп білім алушы тәуліктің кез келген уақытында, аптасына жеті күн және өзі тұрған жерде оқу-әдістемелік материалдар мен оқытушының кеңесіне қол жеткізе алатын оқытуды ұйымдастыру деп түсінген жөн. Қазіргі уақытта қашықтықтан оқытуды қолданудың өзектілігі күмән тудырмайды.

Көптеген артықшылықтарына байланысты қашықтықтан оқытуды дамыту қарқын алуда. Қашықтықтан оқыту ақпараттық кеңістікті де, оқытудың ақпараттық саласын да едәуір кеңейте отырып, жаңа мүмкіндіктер ашады, сонымен қатар экономикалық тиімді.

Қашықтықтан оқытудың сапасы мен тиімділігі бірнеше компоненттерге байланысты:

- ұсынылатын оқу материалдарының сапасынан;
- қашықтықтан оқытуды ұйымдастырудың техникалық жағынан;
- оқытуды ұйымдастыру және өткізу әдістемесінен;
- оқытушының оқу процесіне белсенді қатысуынан сабақ алады.

Қазіргі таңда қашықтықтан оқыту курсы – бұл қашықтықтан оқыту үшін арнайы әзірленген оқу, әдістемелік, ақпараттық электронды материалдар, мультимедиялық және гипермедиа мүмкіндіктерін, қарым-қатынас арналарын қолдана отырып, қашықтықтан оқытуды ұйымдастырудың формасының ерекшелігін ескеретін, кәсіби техникалық және технологиялық қолдауы бар қуатты жүйе, сонымен қатар студенттердің бір-бірімен, мұғаліммен тез арада өзара әрекеттесуге және тез кері байланыс алуға мүмкіндік беретін процес. Қашықтықтан оқыту оқытушыларының заманауи қашықтықтан оқыту курстарын әзірлеу және оқытудың белсенді әдістерін пайдалана отырып, оларды сапалы тиімді жүргізуді қамтамасыз ететін арнайы даярлығы бар. Сонымен, қашықтықтан оқытудың негізгі артықшылықтары: оқу құнын төмендету, оқу процесінің тиімділігін едәуір арттыру, көптік, тұрақты өзектілік, икемді кесте болып табылады.

Бағдарламаны іске асырудағы ерекше рөл:

оқытушылардың теориялық білім деңгейін арттыруға, сондай-ақ IT-бағыттардағы тәжірибелік дағдылар мен іскерліктерді жетілдіруге арналады:

- педагогтарды семинарлар арқылы оқыту;
- іс-шаралар жүйесі (семинарлар, мастер-класстар) арқылы жұмыс тәжірибесін жинақтау);
- облыстық деңгейде жұмыс тәжірибесін жинақтау.

Жоба тиімділігінің критерийлері:

- жобаны сүйемелдеу бойынша әдістемелік құжаттардың болуы;
- танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік дағдыларды арттыру;
- IT-бағыты саласындағы педагогтардың құзыреттілігі;
- жобаны енгізу бойынша әдістемелік қызметті құру;
- жоба қатысушыларының жұмыс нәтижелеріне қанағаттану.

Нәтижелер бойынша жаңалықтар сипаттамасы:

- жоба ақпараттық технологиялардың түрлі құралдарын пайдалана отырып, білім алушылардың ақпараттық, танымдық және тәжірибелік қызметін іске асырады;
- ауызша және жазбаша коммуникативті ақпараттық технологиялардың көмегімен қажетті ақпаратты өз бетінше іздеу, талдау, таңдау, өңдеу және беру қабілеті.

Енгізу әдістері:

Жобаның міндеттеріне сәйкес әдістер кешені қолданылады:

- сауалнама, қашықтықтан оқыту курстары, байқаулар, бейне материалдар базасы.

«Қашықтықтан BOOM» жобасын енгізу кезеңдері

1 кезең – дайындық жұмысы

- Жобаны іске асыру бойынша ҚО ББД ОӘО шығармашылық тобын құру.
- Қашықтықтан оқыту курстарының тақырыптары бойынша басымдықтарды анықтау және объективті ақпарат алу мақсатында on-line сауалнама әзірлеу.
- IT-бағыттар бойынша қашықтықтан оқыту курстарының бағдарламаларын әзірлеу.
- Қашықтықтан оқыту курстары бойынша өтінімдерді жинау.
- Оқыту семинарлары мен мастер-класстар бағдарламаларын әзірлеу.
- Жобаны енгізу мониторингінің индикаторларын әзірлеу. Білім беру ұйымдарына хаттарды жазу және жолдау.
- Облыстық байқаудың ережесін, регламентін әзірлеу.
- «Қашықтықтан BOOM» жобасын облыс мектептері мен ұйымдарына тарату.

2 кезең – негізгі кезең

- «Қашықтықтан BOOM» жобасы аясында қашықтықтан оқыту курстарын, мастер-класстар ұйымдастыру.
- IT-бағыттары бойынша облыстық байқауды ұйымдастыру және өткізу.
- Жобаның іске асырылу кезеңінің нәтижелерін қорытындылау бойынша шығармашылық топтың жұмысы.

«Қашықтықтан BOOM» жобасын іске асыру тетіктері


1) **Қашықтықтан оқыту курстарының бағдарламалар базасы:** «Компьютерлік желілер және жүйелер», «ActivStudio-да жұмыс істеу», «Adobe Captivate», «Adobe Photoshop», «Corel draw», «Бейнемонтаж негіздері», «Python-да бағдарламалау негіздері», «C++ тілінде бағдарламалау», «А-дан Я-ға дейінгі Big data», «Microsoft Excel», «Жасанды интеллект және Blockchain технологиясы», «Бұлтты технологиялар», «Мобильді қосымша», «IT-startup», «Web-дизайн», «Web- бағдарламалау».

2) «Қашықтықтан BOOM» жобасы аясында IT-бағыттар бойынша облыстық байқау.

3) «Қашықтықтан BOOM» жобасы аясында IT-бағыттары бойынша семинарлар мен мастер-класстар.



«Қашықтықтан BOOM» жобасын іске асыру моделі



[Handwritten signature]

2020-2021 жылдарға арналған «Қашықтықтан BOOM» жобасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

Мерзімдері	Іс-шаралар	Өткізу нысаны	Мақсатты аудитория	Өткізу орны	Жауапты	Есеп нысаны
Қыркүйек	<ul style="list-style-type: none"> • Жобаны іске асыру бойынша «Қарағанды облысында ББД ОӘО» шығармашылық топ құру • Объективті ақпарат алу және қашықтықтан оқыту курстарының тақырыптары бойынша артықшылықтарды анықтау мақсатында on-line сауалнама әзірлеу 	Жұмыс тобы, сауалнама	Облыс педагогтері	ҚО ББД ОӘО базасында GOOGLE платформасында	А.А.Қали	Ақпарат, мониторинг
Қазан	<ul style="list-style-type: none"> • Келесі тақырыптар бойынша қашықтықтан оқыту курстарының бағдарламаларын әзірлеу: <ul style="list-style-type: none"> ✓ «Компьютерлік желілер және жүйелер»; ✓ «ActivStudio-да жұмыс істеу»; ✓ «Adobe Captivate»; ✓ «Adobe Photoshop»; ✓ «Corel draw»; ✓ «Бейнемонтаж негіздері»; ✓ «Python-да бағдарламалау негіздері»; ✓ «C++ тілінде бағдарламалау»; ✓ «А-дан Я-ға дейінгі Big data»; ✓ «Microsoft Excel»; ✓ «Жасанды интеллект және Blockchain технологиясы»; ✓ «Бұлтты технологиялар»; ✓ «Мобильді қосымша»; ✓ «IT-startup»; ✓ «Web-дизайн»; ✓ «Web- бағдарламалау». • Қашықтықтан оқыту курстары бойынша өтінімдерді жинау. • Жобаны білім беру ұйымдарына енгізу бойынша мониторинг 		Жоба бойынша жұмыс істейтін педагогтар		А.А.Қали	Мониторинг
Қараша-желтоқсан	Қашықтықтан оқыту курстарын өткізуді ұйымдастыру		Жоба бойынша жұмыс	lms.sdot.kz платформасында	А.А.Қали	Мониторинг



			істейтін педагогтар			
Қаңтар	Қашықтықтан оқыту курстарын аяқтау бойынша мониторинг				А.А.Қали	Ақпарат
Ақпан - наурыз	<ul style="list-style-type: none"> «Қашықтықтан ВООМ» жобасы аясында облыстық байқаудың ережесін, регламентін әзірлеу. «Қашықтықтан ВООМ» жобасы шеңберінде облыстық байқау өткізу бойынша жоспар құру. Байқаудың төрешілер құрамын анықтау. 				А.А.Қали	Ереже, регламент, жоспар, ақпарат
Сәуір - мамыр	«Қашықтықтан ВООМ» жобасы аясында ІТ-бағыттары бойынша облыстық байқауды ұйымдастыру және өткізу.	Облыстық байқау	Педагогтер	Қашықтықтан	А.А.Қали	Грамоталар, ақпарат, БАҚ-на ақпарат жариялау